

**8D014-«Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» бағыты,
6D012000-«Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке
тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы Аширова Жазира
Уәлиханқызының диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша
пікірі**

р/ н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Студент жастардың құқықтық мәдениетін тәрбиелеу, Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам құру процесінде оның құндылықтық нұсқаулықтарын қалыптастыру, үнемі өзгеріп отыратын экономикалық және әлеуметтік-саяси жағдайдағы адам құқықтары мен міндеттерінің жүйесі қазіргі кезде ерекше өзекті және маңызды болып отыр. Халықтың құқықтық мәдени білім деңгейі, кез келген мемлекеттің билігімен анықталады. Нормативтік құжаттарға, іргелі ғылыми еңбектерге талдау барысында колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негіздері негіздерін жетілдіруді қажет ететіндігін көрсетті. Аталған мәселенің өзектілігі келесі құжаттарда көрініс тапқан: «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негізіне салынған құндылықтары ұлы далада адалдық, әділеттілік және шыншылдық сияқты адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеу мен орнатуға үлкен мән берілген.</p> <p>Құқықтық тәрбие адамдардың құқықтары мен міндеттерін білуді және оларды сақтамағаны үшін жауапкершілікке тартылу мәселесін қамтиды. Ол заңдар мен Конституцияға, адам құқықтарына құрметпен қарауды тәрбиелеуге және қылмыс жасағандарға сыни көзқараспен қарауға бағытталған. Жалпыадамзаттық құндылықтар бүгінгі таңда басым міндеттердің бірі болып табылады.</p> <p>Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының Заңы, «Қазақстан-2050» стратегиясында бала тәрбиелеу – болашаққа ең үлкен инвестиция екенін және бұл мәселеге жауапкершілікпен қарап, балаларымызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек деп баса айтылады. Құқық қоғамның әлеуметтік міндеттері жастар арасында құқықтық тәртіп</p>

		<p>бұзушылықтың алдын-алу; тәртіп бұзушының теріс мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал ететін жағдайды жою; колледж студенттерінің тәрбиесін, өмір жағдайын, ортасын сауықтыру; оқу, еңбек іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру; отан қорғау, туған елдің күш-қуатын молайту, сөз, баспасөз бостандығы мәселелері жөнінде тәрбиелік іс-шараларды өткізу ұдайы жүргізіліп отыру қажет.</p> <p>Қазақстан Республикасы Конституциясының мазмұны болып табылады. Заң қоғамдағы құқықтың үстемдігі туралы айтуға мүмкіндік береді. Біздің барлығымыз тең болатын Негізгі Заң адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары жоғары құндылық болып табылатындығы туралы идеяны негізге алды.</p> <p>«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы аясында қазіргі жастар тәрбиесіне ерекше назар аудару, Жаңа Қазақстанды дамыту үшін жастар менталитетін өзгерту, қазіргі педагогтық қоғамдастықтың алдында тұрған білім берудің жаңа моделін құру, сынақтан өткізу міндеттеріне сәйкес мемлекетіміздегі білім беру жүйесіне, ондағы дайындалып жатқан болашақ мамандарға нақты талаптар қойылып, мемлекет дамуының негізгі ресурсы ретінде болашақ мамандардың құқықтық мәдениетін арттыра отырып, Қазақстандық білім беру жүйесінің жаңартылуы еркін, дербес, жаңашыл, ғылыми ізденіс пен шығармашылыққа ұмтылған маман даярлаумен тығыз байланысты.</p> <p>Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының заңдарын құрметтеу; патриотизм сезімінің болуы; қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, белсенді азаматтықтың болуы; негізгі заңдарды, қылмыстық және әкімшілік кодекстің баптарын білуі; өзін-өзі басқару, өзін және басқаларды түсіну, іс-әрекеттер мен әрекеттерді басқару қабілеті; қоғам мүшесі ретінде өзін-өзі тануы; олардың жеке қасиеттері мен мүмкіндіктерін білуі қажеттігі қарастырылған.</p> <p>Жоғарыда айтылған білім берудің заңнамалық құжаттарына сәйкес беріліп отырған міндеттер мен бағыттар «Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негіздері» атты</p>
--	--	--

		<p>зерттеу тақырыбының өзектілігі мен өміршеңдігін одан әрі тереңдете түседі.</p> <p>Осыған байланысты Ж.У.Ашированың диссертациялық зерттеуі педагогикалық ғылымды дамытудың басым бағыттарына және білім беру саласындағы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы аясында қазіргі жастар тәрбиесіне ерекше назар аудару, Жаңа Қазақстанды дамыту үшін жастар менталитетін өзгерту, қазіргі педагогтық қоғамдастықтың алдында тұрған білім берудің жаңа моделін құру, сынақтан өткізу міндеттеріне сәйкес мемлекетіміздегі білім беру жүйесіне, ондағы дайындалып жатқан болашақ мамандарға нақты талаптар қойылып, мемлекет дамуының негізгі ресурсы ретінде болашақ мамандардың құқықтық мәдениетін арттыра отырып, Қазақстандық білім беру жүйесінің жаңартылуы еркін, дербес, жанашыл, ғылыми ізденіс пен шығармашылыққа ұмтылған маман даярлаумен тығыз байланысты.</p>	
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p><u>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</u></p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес «Б-16-10-15-Болашақ мамандарды дуальдық оқыту негізінде кәсіби даярлау» бағыты аясында «Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбында орындалған. Зерттеу жұмысын жүзеге асыру жылдары 2017-2020 жж.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін	Диссертацияның зерттеу жұмысы барысында алған ғылыми-практикалық

		<p><u>қосады/қоспайды</u>, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u>.</p>	<p>жетістіктері педагогика ғылымының, соның ішінде орта кәсіптік білім берудің педагогикасы мен әдістемесінің дамуына елеулі үлес қосып, білім беру жүйесіндегі маңыздылығын нақтылай түседі.</p> <p>Біріншіден, заң бейініндегі емес колледж мамандығы бойынша студенттердің құқықтық мәдениетін қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық негіздері: философиялық, антропологиялық, әлеуметтік, мәдениеттенушылық, жүйелік ұстанымдар тұрғысынан қарастыру мәселелері ғылымға елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығы ашылған;</p> <p>Екіншіден, колледж студенттерінің тұлғалық қалыптасуы мен дамуындағы құқықтық мәдениеттің тәрбиелік мәні анықталып және оның ерекшеліктері нақтылануы ғылымға елеулі үлесін қосады, яғни колледж студенттерінің құқықтық мәдениетін тәрбиелеу кәсіби салада сәтті қызмет ету үшін қажет болашақ мамандардың құқықтық санасы мен құқықтық ойлауын қалыптастырудың мақсатты, арнайы ұйымдастырылған процесі ретінде қарастыруымен маңыздылығы ашылған.</p> <p>Үшіншіден, колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің құрылымдық моделі ұсынылуы ғылымға елеулі үлесін қосады, атап айтсақ колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеу - бір-бірімен байланысқан құндылық-мотивациялық, когнитивті (ақпараттық), праксиологиялық және реттеуші (мінез-құлықтық) компоненттер жиынтығынан тұратын құрылымдық моделін іс-жүзіне асуырылуымен маңыздылығы анықталған.</p> <p>Төртіншіден, колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеу әдістерін ұсынылып және олардың тиімділігін эксперимент барысында негізделуі ғылымға елеулі үлесін қосады, «Құқықтық мәдениет Әліппесі» арнайы курсының мазмұны колледж студенттерінің құқықтық мәдениетін тәрбиелеудің әдістерін, кезеңдерін, бағыттарын, негізгі ұғымдары мен теориялық мәліметтерін зерделеуді көздейді. «Субъект-субъектілік» қатынастар негізінде студенттердің құқықтық мәдениетін тәрбиелеу және оқу процесінде студенттердің құқықтық мәдениетін тәрбиелеудің белсенді және интерактивті</p>
--	--	--	--

			нысандары мен әдістерін практикаға ендірілуімен маңыздылығы ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторант Аширова Ж.У. диссертациялық жұмысты жазуда өзі жазу принципін ұстанған. Автор диссертацияны жазу барысында ғылыми мәлімет беруді көздеген. Барлық талданған ақпараттар дербес, әрі түсінікті, мағыналы құрылымды сақтай келе өзара үйлесіп, автордың диссертацияны жазудағы жеке ғылыми стилінің жоғары деңгейде екендігін көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігінің негіздемесі кәсіптік техникалық білім беру жүйесінде, еліміздегі бірқатар педагогикалық зерттеулерде колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің рөлі мен маңыздылығы жөнінде мәселесі педагогика ілімінде және арнайы жұмыстарда қарастырылмағаны анықталды. Өмірде және жаңа өнеркәсіп жағдайларда кәсіби ұстанымының негізі ретінде құқықтық мәдениеті дамыған колледжді бітіруші мамандарға қоғам мен мемлекеттің үздіксіз қажеттілігі мен оны жүзеге асырудың теориялық негіздерінің жасалмағандығы, сонымен қатар колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеу мүмкіндіктері мен оны жүзеге асыру әдістемесінің жасалмауы, мәселенің өзектілігі мен терең теориялық түсінігіне, ғалымдардың осы үдеріске әр түрлі көзқарастарын талдауға қарамастан, оның зерттеулері бұл проблеманың әлі жеткілікті терең қарастырылмағанын және кәсіптік техникалық білім беру барысында одан әрі дамытуды қажет ететіндігін көрсетті. Сондай-ақ, осы уақытқа дейін колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеу мәселесіне тікелей арналған еңбектер өте аз екенін анықтаған. Тиісті ғылыми негізделген әзірлемелердің болмауына қатысты қайшылықтарды жою үшін ғылыми зерттеу мәселелерін зерттеу қажеттілігі негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды;	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Диссертация мазмұны кіріспеден, екі бөлімнен, әр бөлім 4 параграфтан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Мұндағы диссертация мазмұны зерттеудің

		3) айқындамайды	ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеу мақсаты - колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеуді теориялық тұрғыда негіздеу және әдістемесін жасау, тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексерумен сәйкес келеді. Зерттеу міндеттері жұмыстың мақсатын нақтылай келе, студенттердің құқықтық мәдениетін қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін айқындау; колледж студенттерінің тұлғалық қалыптасуы мен дамуындағы құқықтық мәдениеттің тәрбиелік мәнін анықтау және ерекшеліктерін сипаттау; колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің құрылымдық моделін жасау; колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеу әдістерін ұсынып және олардың тиімділігін эксперимент барысында негіздеумен және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берумен сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы яғни жалпы құрылымы және қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Бұл ретте диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге арналған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне	Зерттеу барысында «құқықтық мәдениет» және «колледж студенттерінің құқықтық мәдениеті» ұғымдары ғылыми тұрғыда негізделген және нақтыланған. Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен қорытындылары зерттеліп отырған мәселенің ғылыми-теориялық негізін құрайтын әр тарау бойынша талданған теориялық тұжырымдар бойынша анықталып, ал оның кешендік сипаты оқу-тәрбие үдерісіндегі ғылыми стильді зерттеу мәселесін жаңаша үлгіге сүйеніп жасаған. Зерттеу нәтижелері ауқымды материалдарды талдап, қорыту арқылы дәйектелген. Әрбір нәтиже, тұжырым мен

		негізделген	қорытынды диссертацияның тараулар мен тараушаларға жіктелген мазмұндық құрылымынан түйінделген, ғылыми мәні жоғары, шынайылығы айқындалып, тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруде сыни талдау бар және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып баға берілген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	<p>Докторант Ж.У.Ашированың диссертациялық жұмысындағы зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып саналады.</p> <p>Бірінші ғылыми нәтижеге жету үшін ізденуші зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, психологиялық және педагогикалық еңбектердегі ғылыми дерек көздерін тауып, оларды зерделей білген. Ғылыми әдебиеттердегі зерттеу тақырыбына сәйкес жинақталған материалдарды саралап, колледж студенттерін құқықтық мәдениетін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері ашылғандықтан толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Екіншіден, колледж студенттерінің тұлғалық қалыптасуы мен дамуындағы құқықтық мәдениеттің тәрбиелік мәні анықталып оның ерекшеліктері нақтылануымен екінші нәтиже толығымен жаңа екендігін көрсетеді.</p> <p>Үшіншіден, ғылыми нәтижеге жетуде колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің құрылымдық моделінің (мақсатты, теориялық-әдіснамалық, ұйымдастыру-педагогикалық, процессуальды, нәтижелі-бағалау блогтары) жасалуы нәтиженің толығымен екендігін көрсетеді.</p> <p>Төртіншіден, ғылыми нәтиже ретінде колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеу әдістері мен оның тиімділігін ашып көрсеткен, әрі колледж студенттерін құқықтық мәдениетке «Құқықтық мәдениет әліппесі» бағдарламасын практикаға енгізілуімен толығымен жаңа деп санаймыз.</p>
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)	Ж.У.Ашированың диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен,

		<p>табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелділігімен толығымен жаңа болып саналады. Диссертацияның қорытындылары деп келесілерді айтамыз.</p> <p><i>Бірінші қорытынды</i> бойынша колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің теориялық және әдіснамалық негіздері философиялық, антропологиялық, әлеуметтік, мәдениеттану және жүйелік ұстанымдар тұрғысынан қарастырылған.</p> <p><i>Философиялық ұстаным</i> мәдениетті неғұрлым жалпы түрде, яғни «адамның көбеюі мен дамуы жүйесінің қызмет субъектісі» ретінде қарастырады.</p> <p><i>Антропологиялық ұстаным</i> – мәдениетті белгілі бір қоғамның (қауымдастықтың) мүшелеріне мұрагерлік ететін және күнделікті өмір жағдайларында адамның мінез-құлқында көрініс табатын артефактілер, білім, наным-сенімдер, әдет-ғұрыптар жүйесі арқылы түсіндіреді.</p> <p><i>Әлеуметтік ұстаным</i> – қоғамның әлеуметтік жады халықты немесе этникалық топты, ұжымдық әлеуметтік байланыстарды және осы ұжымға ортақ мәдени қызмет заңдылықтарын ашуға негізделген.</p> <p><i>Мәдениеттану ұстаным</i> – мәдениеттің негізгі, бөлінбейтін бірліктеріне әмбебап, бүкіл адамзатқа, бірқатар қоғамдар мен халықтарға тән және ерекше немесе біртума, идеалды нормалар немесе мінез-құлық үлгілері ретінде әрекет ететін мәдени, материалдық өнімдерге үйретуге, тәрбиелеуге бағытталған, өнер немесе мінез-құлық үлгілері ұсынылады.</p> <p><i>Жүйелі ұстаным</i> мәдениеттің барлық балама түсіндірмелерін бір жүйеге енгізуге мүмкіндік береді.</p> <p>Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеу философиялық, антропологиялық, әлеуметтік, мәдени және жүйелік ұстанымдар тұрғысынан қарастырып, анықтауы <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.</p> <p>Зерттеудің <i>екінші қорытындысы</i> бойынша колледж студенттерінің тұлғалық қалыптасуы мен дамуындағы құқықтық мәдениеттің тәрбиелік мәні анықталып және оның ерекшеліктері пысықталды. Колледждердің нақты, арнайы ұйымдастырылған мәдени-тәрбие ортасында</p>
--	--	--	--

		<p>студенттердің құқықтық мәдениетін тәрбиелеудің өзіндік ерекшеліктеріне келесілерді жатқызамыз.</p> <p><i>Біріншіден</i>, құқықтық мәдениетті тәрбиелеу кезінде қоғамдық дамудың ажырамас бөлігі ретінде адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары идеясы басты назарда болуға тиіс.</p> <p><i>Екіншіден</i>, тәрбие процесі жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжінің профилизациясына, жұмыс істеуіне және дамуына байланысты. Қазақстан Республикасы мен еңбек нарығының инновациялық даму талаптарына жауап беретін нақты жұмыс бейіндегі білікті мамандарға қоғамның әлеуметтік тапсырысы мен ағымдағы қажеттіліктеріне оның мақсатты ұстанымдарына және мамандықтардың кәсіби мазмұнына байланысты.</p> <p><i>Үшіншіден</i>, колледждің мәдени-тәрбие ортасындағы іс-әрекеттердің стратегиялық бағыттары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тұрақты өзгеріп отыратын экономикалық, әлеуметтік-саяси жағдайларда Қазақстан Республикасын ашық азаматтық қоғам және егеменді құқықтық мемлекет ретінде дамытуға арналған ұстанымы; - ҚР Конституциясының адамның құқықтары мен бостандықтары туралы, Заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуын анықтайтын бастапқы ережелері; - қоғамның құқықтық болмысы мен құқықтық жетілуіне сәйкес келетін құқықтық құбылыстар мен үдерістері; - жаңа демократиялық қоғамның «Мәңгілік ел» жалпыұлттық тәрбие идеясының біздің мемлекеттіміздің орнығуын қалыптастыру және нығайту негізі ретінде колледждің тыныс-тіршілігі ретінде іске асырылуы. <p><i>Төртіншіден</i>, мәдени-тәрбие ортасында оның мүшелерінің құқықтық мәдениетін тәрбиелеу процесінің факторы мен қозғаушы күші студенттік ұжым болып табылады.</p> <p><i>Бесіншіден</i>, білім беру процесінің барлық субъектілері колледждің мәдени-тәрбие ортасымен өзара іс-қимылы адамгершілік бағыттылығы, мәдениеттілік, табиғатқа сәйкестілік, кәсіби білім беру мен құқықтық тәрбиенің өзара байланысы, вариативтілік және ашықтық, аймақтандыру, оқиғалар</p>
--	--	--

		<p>сияқты педагогикалық қағидалар жиынтығының біртұтас ықпалының негізінде мораль мен құқықтың тығыз өзара байланысында жүзеге асырылуы анықтауы толығымен жаңа болып табылады</p> <p><i>Зерттеудің үшінші қорытындысы</i> ретінде Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің құрылымдық моделі ұсынылды.</p> <p>Модельдің тиімділігін бағалау құрамдас бөліктерге арналған критерийлік көрсеткіштерді қолдану арқылы жүзеге асырылды:</p> <ul style="list-style-type: none"> -құндылық-мотивациялық (мотивтердің ауырлығы, құндылық қатынасы және құқықтық ақпаратқа деген қажеттілік, құқықтық мәдениет, заңның әлеуметтік, кәсіптік және жеке маңыздылығын, заңдылық пен тәртіп пен заңды мінез-құлық, заңға құрметпен қарау; - когнитивті (ақпараттық) - (құқықтық білімнің толықтығы, күші мен тереңдігі, олардың заңды құқықтары мен мүдделері, қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен мүдделері, кәсіби саладағы нормативтік құқықтық актілер туралы идеялар мен тұжырымдамалар); - праксеологиялық (кәсіптік және құқықтық білімді заң және адамгершілік нормаларына сәйкес тәжірибеге беру мүмкіндігі, құқықтық бағалауға, құқықтық ақпаратты, фактілер мен құбылыстарды талдауға және синтездеуге, жеңіл өнеркәсіп пен қызмет көрсету саласындағы кәсіптік қызметті құқықтық қолдауға ұмтылу); -реттеушілік (мінез-құлық) - (заңдылықтың талаптарына сәйкес заңды және әлеуметтік маңызы бар қызметті жүзеге асыру кезіндегі өзінің мінез-құлқы мен іс-әрекетін, сондай-ақ өзара әрекеттесетін субъектілердің мінез-құлқы мен іс-әрекетін, заңды және әлеуметтік маңызды қызметті жүзеге асыру толығымен жаңа болып есептеледі. <p><i>Төртінші қорытындысы</i> бойынша автордың диссертациялық жұмысындағы зерттеудің эксперименттік бөлімінің мақсаты - колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеу әдістерін ұсыну және олардың тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексеруден өткен.</p> <p>Эксперименттік жұмыс 2017-2020</p>
--	--	---

			<p>жылдар аралығында Шымкент қаласының «Жеңіл өнеркәсіп және сервис» колледжі мен «Тамақтандыру индустриясы және сервис» колледжі, Алматы қаласының «Қаракемер кәсіптік колледжі» базасында педагогикалық үдеріс шеңберінде жүргізілген.</p> <p>Зерттеу барысында «Құқықтық мәдениет» және «Құқықтық мәдениетке тәрбиелеу» ұғымдары ғылыми тұрғыда негізделіп, нақтыланған.</p> <p>Теориялық және эксперименттік жұмыс барысында алынған негізгі ережелер мен тұжырымдар алға қойылған мақсатқа қол жеткізіп, қойылған міндеттері мен қорытындылары толығымен жаңа болып саналады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Докторанттың колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негіздері жаңа және негізделген болып табылады. Диссертациялық жұмысты орындау барысындағы алынған тұжырымдар, дайындалған әдістемені ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерінің дұрыс ұйымдастырылуы мен жүргізілуі ғылыми жарияланымдармен негізделген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Зерттеу жүргізу нәтижесінде жасалған қорытындылар колледж студенттерінің құқықтық мәдениетке тәрбиелеуде арнайы пәндерді оқыту әдістемелері үшін теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады. Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.</p> <p>Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар, қағидалар, қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері мен ЖОО-да болашақ маман даярлауда және біліктілікті арттыру курстарында, кәсіби білікті жұмысшы мамандарды даярлау жүйесінде пайдалануға болады.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағида-тар	<p>Әр қағида-т бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағида-т дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен</p>	<p>Докторант Ж.У.Ашированың диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға шығарылған бес қағида-тты айтуға болады:</p> <p>1.Колледж студенттерінің құқықтық мәдениеті олардың құқықтық тәрбиесін қалыптастыру жиынтығын: құқықтық сана, заңды қолдану қабілеттері мен дағдылары, құқықтық құндылықтарды ұғынудың, осы</p>

		<p>дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	<p>қоғамда өзінің қорғалу дәрежесінің және өзінің мінез-құлқының құқықтық нормалар талаптарына сәйкестігін болжайды. «Құқықтық мәдениет» ұғымының философиялық, психологиялық және педагогикалық еңбектердегі тұжырымдауымен қатар, автордың ұсынған анықтамалары дәлелденген, тривиалды емес, жаңа. Студенттердің құқықтық мәдениетін жоғарылату оларға құқықтық білім жүйесін игеруге, кәсіби саладағы құқықтық қатынастарға сәтті қатысуға ғана емес, сонымен бірге кез-келген құқықтық жағдайды шешуде жауапты тәуелсіз шешім қабылдауға мүмкіндік беретін жеке және кәсіби ұстанымдары үш мақаласында жүзеге асырылған:</p> <p>а) Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеу арқылы ұлттық санасын тәрбиелеу. п.ғ.д., профессор С.А. Ұзақбаеваның 70 жылдық мерейтойына арналған «Білім беру жүйесін модернизациялау: тенденциялар, проблемалар және перспективалар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. -Алматы, 2019. 18 қазан 2019ж. - 603-606 бб.</p> <p>ә) Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеу жолдары. «Рухани жаңғыру: ұлттық білім беру жүйесі және әлемдік тәжірибе» Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары II том. -Шымент 2017. -566-570 бб.</p> <p>б) Студенттерге құқықтық тәрбие берудің негіздері. «Әуезов оқулары-18: Абай Құнанбайұлының 175 жыл толуына орай «Ұлы абайдың рухани мұрасы» атты халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференциясының материалдары. -Т5. -Шымкент, 2020ж. -43-46 бб.</p> <p>в) Problems Of education of legal culture of students .Cypriot Journal of Educational Scinces. Volume 16. Issue 6, (2021). – 3124-3132p.</p> <p>2. Колледждің мәдени-тәрбие ортасындағы педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың негізгі әдіснамалық ұстанымдарды (гуманистік бағыты, мәдениеттанушылық, кәсіби білім беру мен құқықтық тәрбиенің өзара байланысы, вариативтілік пен ашықтық, аймақтандыру, оқиғалар) қамтиды, олар колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің құрылымдық</p>
--	--	---	---

			<p>моделін тиімді жүзеге асуын қарастырады.</p> <p>а)Содержательно-функциональные аспекты воспитания правовой культуры студентов колледжа. Вестник КазНПУ. Серия «Педагогические науки» -2018.-№2(58) – Алматы, 2018. –СС. 316-319. ISSN 1728-5496</p> <p>ә)Аксиологический аспект развития нравственно-правовой культуры студентов. «Әуезов оқулары-17: Әлемдік кеңістіктегі ғылым мен руханияттың жаңа серпілістері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының труды. -Шымкент, 2019. – СС.271-274</p> <p>б)Принципы воспитания правовой культуры студентов в культурно-воспитательной среде колледжа. Я.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің хабаршысы. -№ 1 (130). -2020ж. -31-37 бб.</p> <p>3. Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеу - бір-бірімен байланысқан құндылық-мотивациялық, когнитивті (ақпараттық), праксиологиялық және реттеуші (мінез-құлықтық) компоненттер жиынтығынан тұратын құрылымдық моделін іс-жүзіне асуын қарастырады. Модельдің негізгі блоктары, қалыптасу компоненттері мен өлшемдері өзара бір-бірімен тығыз байланыстағы құрылымы ашылған және ол екі мақаласында дәлелденген:</p> <p>а)Болашақ колледж оқытушыларының тәрбиелік функциясын ұлттық құндылықтар негізінде қалыптастыру. Международная научно-практическая интернет конференция. «Тенденция и перспективы развития науки и условиях глобализации. –Переяслав. -№57. 2020г. –СС. 134-135.</p> <p>ә) Педагогические основы воспитания правовой культуры студентов колледжей. «Қазіргі ғылымдағы өзекті мәселелер-2020» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. 13-14 сәуір 2020. -54-57б.</p> <p>4. Колледж студенттерінің құқықтық мәдениетін тәрбиелеуге болашақ мамандарды кәсіптік даярлаудың оқу бағдарламаларының ауыспалы бөлігіне және «элективті пәндер» блогына «Құқықтық мәдениеттің әліппесі» арнайы курсының қосылуы <i>толығымен жаңа</i> болып есептеледі. Колледждің білім беру процесінде студенттердің құқықтық</p>
--	--	--	--

			<p>мәдениетін қалыптастыру үдерісінде «Құқықтық мәдениет әліппесі» арнайы курсының авторлық бағдарламасы, педагогикалық жағдай кешенінің көмегімен модельді жүзеге асыру міндетін шешкен негізгі құралы ретінде ұсынылған. «Құқықтық мәдениет Әліппесі» арнайы курсының мазмұны колледж студенттерінің құқықтық мәдениетін тәрбиелеудің әдістерін, кезеңдерін, бағыттарын, негізгі ұғымдары мен теориялық мәліметтерін зерделеуді көздейді. «Субъект-субъектілік» қатынастар негізінде студенттердің құқықтық мәдениетін тәрбиелеу және оқу процесінде студенттердің құқықтық мәдениетін тәрбиелеудің белсенді және интерактивті нысандары мен әдістерін практикаға ендірілуімен негізделеді және ауқымы кең бес мақаласында көрініс тапқан:</p> <p>а) Особенности воспитания правовой культуры студентов в культурно-воспитательной среде колледжа. Ежемесячный научный журнал. Национальная ассоциация ученых (НАУ) №48/2019. 2 часть. –С.4-8</p> <p>ә) Құқықтық мәдениет және оны қалыптастырудың педагогикалық мәселесі. The Europe and the Turkey world: science Engineering and technology of the Materids oe the internat and sclenic prolticol conference May 6-8 2020 Ankara-Turkey. -Volume II. -Ancara 2020. -126-131p.</p> <p>б) Ролевая игра в методике воспитания правовой культуры студентов колледжа. Абай атындағы ҚҰУ Хабаршы. -2019. -№4 (64) «Педагогика ғылымдары» сериясы №195. - Алматы 2019ж. –С.-378-382.</p> <p>в) Особенности воспитания правовой культуры студентов в культурно-воспитательной среде колледжа. Ежемесячный научный журнал. Национальная ассоциация ученых (НАУ) №48/2019. 2 часть. –С.4-8</p> <p>г) Құқықтық мәдениет әліппесі. -Шымкент: М.Әуезов ат. ОҚУ, 2022. 3,04 МБ. Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы Куәлік. 2022 жылғы 8 ақпан, №23425. ЭЕМ-ге арналған бағдарлама. 15.01.2022ж.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ;	Докторант Ж.У.Ашированың диссертациялық жұмысындағы әдіснамалық аппарат дәйектілік принципіне және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген. Докторант диссертациялық

дәйектілігі	2) жоқ	жұмыстың әдістемелік және әдіснамалық негіздерін түзуде теориямен практиканың бірлігі, мазмұндық және әрекеттік, тұтастық және ғылымилық, қолжетімділік және демонстрациялау ұстанымдарды басшылыққа алынған.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмысты орындау барысында зерттеу нысаны ретінде техникалық және кәсіптік білім берудегі оқу-тәрбие үдерісі алынған. Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің заманауи және белсенді әдістері мен репродуктивті оқыту әдісі, зерттелетін мәселе бойынша философиялық, әлеуметтанулық, психологиялық, құқықтық және педагогикалық әдебиеттерді талдау, колледжде оқу процесін ұйымдастыру тәжірибесін зерттеу және жалпылау, талдау және синтездеу, салыстыру, сәйкестендіру және жалпылау, модельдеу әдістері пайдаланылған. Диссертациялық жұмыста статистикалық деректерді талдаудың компьютерлік технологияларды қолдану деректерді өңдеу және интерпретациялау байқалмайды, бірақ жұмыстың маңыздылығы мен мәнін төмендетпейді, өйткені мақсаты мен міндеттері толық орындалған.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Ж.У.Ашированың «Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациясының эксперименттік-тәжірибелік жұмыстарына Шымкент қаласының «Жеңіл өнеркісіп және сервис» колледжі мен «Тамақтандыру индустриясы және сервис» колледжі және Алматы қаласының «Қаракемер кәсіптік колледжінен» сынаққа жалпы саны – 195 студент қатысқандығы педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық ғылыми нәтижелердің мазмұны халықаралық конференцияларда және басқада ғылыми басылымдарда жарияланған. SCOPUS мәліметтері базасына енгізілген журналдарда-1; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда-4; шетелдік ғылыми журналда - 1 мақала, Республикалық және халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларының материалдарында-9 мақала жарық көрген.

		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>ҚР нормативтік-құқықтық құжаттарына, кәсіби-педагогикалық дайындық мәселелері бойынша шетелдік және отандық авторлардың педагогикалық әдебиеттеріне, сөздіктерге, анықтамаларға, энциклопедияларға, оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдарға, ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда және халықаралық конференциялар жинақтары материалдарының сілтемелерімен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз</p>	<p>Диссертациялық зерттеу тақырыбы отандық және шетелдік авторлардың 237 әдебиет көздеріне шолу жасалған. Алынған ақпарат зерттеулерді жоспарлау және алынған деректерді талқылау кезінде пайдаланылғаны айқын.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u>; 2) жок</p>	<p>Зерттеудің теориялық маңызыдылығы бар. Атап айтсақ: 1) студенттердің құқықтық мәдениетін қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін айқындалған; 2) колледж студенттерінің тұлғалық қалыптасуы мен дамуындағы құқықтық мәдениеттің тәрбиелік мәні анықталып және оның ерекшеліктері пысықталған; 3) колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің құрылымдық моделі ұсынылған (мақсатты, теориялық-әдіснамалық, ұйымдастыру-педагогикалық, процессуалды, нәтижелі-бағалау блогтарын қамтиды); 4) Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеу әдістерін ұсынылып және олардың тиімділігін эксперимент барысында негізделген.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u>; 2) жок</p>	<p>Зерттеудің практикалық маңызыдылығы: жоғары оқу орны білім алушыларына арналған «Құқықтық мәдениет әліппесі» арнайы курсының бағдарламасы жасакталған және оның әдістемелік нұсқауы дайындалып «Таңдау бойынша пәндер» блогына енгізілген. Алынған практикалық нәтижелерді мамандар даярлайтын колледждердің оқу-тәрбие үдерісінде пайдалануға, біліктілікті арттыру жүйесі тәжірибесінде қолдануға болады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып</p>	<p>Практикалық ұсыныстары жаңа болып табылады: 1) Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеуге арналған теориялық тұжырымдар, сипаттамалар осы саладан теориялық білімдерді жүйелі меңгертуге септігін тигізеді. Оларды колледждердің оқу-тәрбие үдерісіне, оқу</p>

		табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	бағдарламаларына енгізу ұсынысы толығымен жаңа; 2) Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеу процесін қамтамасыздандыру үшін жасалған арнайы курс пен тренингтерді тиімді қолдану негізінде жүзеге асыру ұсынысы толығымен жаңа; 3) Зерттеудің практикалық нәтижелерін мамандар даярлайтын колледждердің оқу-тәрбие үдерісінде пайдалануға және басқа да мамандарда колледждердің оқу-тәрбие процессінде құқықтық мәдениетін дамыту мәселесі болашақтағы ғылыми зерттеулер жүргізу ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады. ұсынысы толығымен жаңа.
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс және ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтаған, сілтемелерді жиі қолдана білген. Диссертацияны жазу барысында академиялық жазу ерекшеліктерімен қоса, жауапкершілік ұстанымын басшылыққа алған. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдық категориялар жүйесі жеткілікті жазылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

Шешім: «D014-«Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» бағыты, 6D012000-«Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша Аширова Жазира Уәлиханқызына философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймын.

Ресми рецензент Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразиялық ұлттық университет
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор



Жиенбаева С.Н.

